

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP25796507 «Діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі Қазақстан қоғамына реинтеграциясы».
Өзектілігі	Ғылыми жоба діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен Қазақстан азаматтарының пенитенциарлық жүйеде қылмыстық жазасын өтегеннен кейінгі қоғамға оңтайлы реинтеграциялану жолдарын табуға бағытталуымен өзектенеді. Елімізде діни экстремизм және терроризм, дінаралық қақтығысты өршіту фактілері бойынша құқықбұзушылықтар перманентті жағдайға айналды. Осының салдарынан бүгінгі күні діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға реинтеграциясы көкейкесті мәселелердің бірі ретінде танылады. Ағымдағы жоба алғашқы рет Қазақстан аумағындағы діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың қоғамға реинтеграциясы ахуалын зерттеуге бағытталады. Қазіргі уақытта Қазақстандағы діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың қоғамға реинтеграциясы жағдайы бойынша ғылыми зерттеулердің жүргізілмеуі салдарынан бұл саланың ахуалы, мәселелері мен перспективаларына байланысты ақпараттардың тапшылығы кездеседі. Мемлекет тарапынан діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдарды оңалту, қоғамға реинтеграциялау қызметі арнайы құрылған өңірлердегі орталықтардың деңгейінде жүзеге асырылады. Бірақ бұл орталықтардың постпенитенциарлық кезеңдегі адамдарды қоғамға реинтеграциялауға әсері ғылыми негізде зерттелмегендіктен, олардың қызметінің мәселелері мен артықшылықтары туралы ахуал белгісіз. Қазақстандағы діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың қоғамға реинтеграциясы саласына байланысты көрініс табатын мәселелердің негізінде тиісті ғылыми жобаның негізгі мақсаты анықталып отыр. Діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен Қазақстан азаматтарының қоғамға реинтеграцияну нәтижесіндегі әлеуметтік-психологиялық бейімділігі, зайырлылық қағидаттарына, ұлттық құндылықтарға, мемлекеттің саяси-құқытық жүйесіне және діни плюрализм жағдайына лоялдылығы сияқты параметрлерін зерделей отырып, олардың мәселелері бойынша мемлекет үшін тиімді шешілу жолдары мен перспективаларын ұсыныс ретінде білдіру ғылыми жобаның негізгі мақсаты болып табылады. Зерттеу жобасының әдістемелік негіздері ғылымилық, жүйелілік, дәлелділік, объективтілік қағидаттарына сәйкес құралған. Ғылыми жобаның жүргізілу барысы жалпығылымдық, әлеуметтанулық әдістерге сүйемелденеді. Жобаның теориялық білімі тиісті зерттеу тақырыбымен байланысты пәнаралық деңгейдегі ғылыми тұжырымдарды талдаудың негізінде қалыптастырылады. Зерттеудің стратегиясы Қазақстандағы діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға реинтеграциясы бойынша себеп-салдарлық байланысты анықтаумен ұштасады. Тиісті стратегияны жүзеге асыру үшін теориялық деңгейдегі зерттеу жұмысы тұжырымдамалық, жүйелілік, пәнаралық тәсілдерге негізделеді. Эмпирикалық

	мәліметтерді жинау және талдау көлемінде әлеуметтанулық, компаративистикалық, детерминистік тәсілдер қолданылады. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің негізділігі ғылыми қағидаттар мен стандарттарды ұстанумен, теориялық-әдістемелік негіздерді жүйелеумен, Қазақстанның барлық облыстарынан алынған эмпирикалық мәліметтерді сандық және сапалық талдау қорытындыларымен айқындалады. Ғылыми жобаның зерттеу нәтижелері мақала, монография, оқу құралы, әдістемелік құрал ретінде жарияланады. Жоба нәтижелері діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға реинтеграциясы бойынша ғылыми білімді тереңдетуге, ахуалды бағалауға, болжауға және жақсартуға маңызды. Сондай-ақ, кең көлемде жоба нәтижелері Қазақстандағы әлеуметтік тұрақтылықты арттыруға, дінаралық келісімділікті нығайтуға, экстремистік бағыттағы қауіп-қатерлерді төмендетуге бағытталған. Жобалық зерттеу нәтижелерінің әсері бірқатар ұйымдарға тиеді: дін саласындағы республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың және орталықтардың қызметіне әдістемелік нұсқау болады; жоғары оқу орындарындағы дінтануға байланысты дәрістерге, ғылыми ізденістерге қолданылуға жарамды; ғылыми зерттеу институттардың дін саласына байланысты зерттеулеріне әдістемелік, теориялық, эмпирикалық мәліметтерді, деректерді алу үшін қажетті болады.
Мақсаты	Діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі Қазақстан қоғамына реинтеграциянуындағы әлеуметтік-психологиялық бейімділігі, зайырлылық қағидаттарына, діни плюрализм жағдайына лоялдылығы сияқты параметрлерін зерделей отырып, олардың мәселелері бойынша мемлекет үшін тиімді шешілу жолдарын ұсыныс ретінде білдіру.
Міндеттері	1) Дінтанулық, әлеуметтанулық, саясаттанулық, психологиялық білімдегі діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға әлеуметтік-мәдени, психологиялық, саяси-құқықтық тұрғыда реинтеграцияну үрдісі бойынша теориялық-әдістемелік негіздерін қарастыру арқылы ғылыми тұжырымдамалық деңгейдегі қалыптасқан бағыттарды, тәсілдерді, әдістерді, тарихи және заманауи, шетелдік және отандық мәселелерді айқындау. Жоба тақырыбы аясындағы Отандық ғалымдардың тұжырымдарын, зерттеу тәсілдерін, мәселелерін қарастыру; 2) Діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға әлеуметтік-мәдени, психологиялық, саяси-құқықтық тұрғыда реинтеграцияну үрдісін дамыту, басқару бойынша шетелдік мемлекеттердегі тәжірибелердің, заңнамалардың ерекшеліктерін, артықшылықтарын, мәселелерін зерделеу; 3) Діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскен адамдардың Қазақстан қоғамына, ұлттық құндылықтарына, саяси-құқықтық жүйесіне әлеуметтік-мәдени, психологиялық тұрғыда реинтеграцияну үрдісі бойынша ахуалды анықтау мақсатында эмпирикалық деңгейде мәліметтерді жинақтау,

	саралау жүргізу. Ағымдағы міндетті жүзеге асыру барысында діни экстремизм идеологиясы ықпалына түскендердің арасында сұхбат өткізу. Отандық ғалымдар арасында зерттеу пәні аясында сараптамалық сұхбат жүргізу; 4) Қазақстан Республикасындағы тиісті мемлекеттік институттардың тарапынан экстремистік сипаттағы діни идеология ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға әлеуметтік-мәдени, психологиялық, саяси-құқықтық тұрғыда реинтеграциялану үрдісін басқару бойынша тәжірибесін зерделеу. Ағымдағы сараптама аясында тиісті мемлекеттік органдардың жауапты мамандарымен сараптамалық сұхбат жүргізу, тиісті құжаттарды талдау, көрсетілетін қызметін бақылау; 5) Ғылыми зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы экстремистік сипаттағы діни идеология ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі қоғамға әлеуметтік-мәдени, психологиялық, саяси-құқықтық тұрғыда реинтеграциялану үрдісі бойынша мәселелерді шешудің тиімді жолдары мен перспективаларын анықтау және ұсыныс ретінде әзірлеу; 6) Жоба нәтижесінде қалыптасырылған дінтанулық білімді, дайындалған ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдарға ұсыну, ғылыми басылымдарда жариялау және монография ретінде басып шығару, отандық және шетелдік ғалымдарға қолжетімді ету.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау: - рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 (бір) кем емес монография шығарылады; -рецензияланған шетелдік және (немесе) ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және (немесе) шолулардан кем емес жариялым жасалады; 2) Қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан 1 патент алу жоспарлануда; 3) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату: Қазақстанның дінтану мамандығын даярлайтын 6 жоғары оқу орындарының және ұлттық, ғылыми-техникалық кітапханаларына оқу-әдістемелік құрал, монография таратылады. Қазақстанның облыстарында құрылған дін істері жөніндегі басқармаларға немесе тісті саладағы бөлімдерге, орталықтарға әдістемелік құрал таратылады.

Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	- Сарсембаев Руслан Меиржанович, Scopus ID 57221474235, https://orcid.org/0000-0001-7251-6979, Researcher ID LKJ-5628-2024 https://www.webofscience.com/wos/author/record/LKJ-5628-2024 - Кантарбаева Жанна Уринбасаровна Scopus ID 57195468493, ORCID https://orcid.org/0000-0002-74715127, Web of Science ResearcherID:FCY-8378-2022 https://www.webofscience.com/wos/author/record/23468770
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	- Курманалиев, М., Аманкул, Т., Сарсембаев, Р., Тунгатова, У. Современные аспекты религиозно-мотивированного кибертерроризма // Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2024, 39(3). – бб. 38-47. https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v39.c3.r4 ; - Сарсембаев Р., Рысбекова Ш.С., Багашаров К., Есболова М. Дискурс о политических и социокультурных факторах исламофобии // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: социологические и политические науки – 2020. – №4 (72). – сс. 178-187. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.32 ; - Сарсембаев Р.М. Основные аспекты процессов секуляризации в Центральной Азии // Журнал социогуманитарных исследований «Әл-Фараби». - 2020, №1 (69). – сс. 139-148. https://alfarabijournal.org/index.php/journal/issue/view/26/26 ; - Рысбекова Ш.С., Сарсембаев Р.М. Концепция о современном религиозном плюрализме и религиозная ситуация Казахстана // Философский и общественно-гуманитарный журнал «Адам әлемі». – 2019, 3(81). - сс. 150-159. https://adamalemijournal.com/index.php/aa/issue/view/28/27 ; - Sarsembayev, R.M., Rysbekova, S.S., Assanova, S.S., Yesbolova, M., Manasova, A.S. The main reasons for the revival of Islam in independent Kazakhstan//International Journal of Criminology and Sociology. - 2020, 9. - Pp 3225–3235. Quartiles – 3, percentiles – 44, citations – 2. https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.389 ; - Sarsembayev, R., Aitymbetov, N., Tleubayev, S. Aldiyarova, Z. Islamic revival in kazakhstan: State policy//Central Asia and the Caucasus. - 2021, 22(3). - pp. 168–180. Quartiles – 3, percentiles – 40, citations – 2. https://doi.org/10.37178/ca-c.21.03.14
Патенттер туралы ақпарат	Қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патент алуға өтініш беріледі.